

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған КЕЛІСІМ ШАРТ

№ 1

« 20 » ноябрь 2023 ж.

Шымкент қаласы

Бұдан әрі тапсырыс беруші деп аталатын «AZALA Cotton» ЖШС директоры Түлегенов Бауржан Анварович бірінші тараптан және бұдан әрі орындаушы деп аталатын жарғы негізінде әрекет ететін Ж.А.Тәшенев атындағы университет ректоры Байболов Қанат Сейтжанович, екінші тараптан, төмендегідей келісім-шартқа отырды:

1. Шартты нысанасы

1.1. Білім беру мекемелерінде зерттеу жұмыстарын жүргізу бағытында «*«AZALA» ЖШС тоқыма өндірісінің экономикалық тиімділігін анықтау*» тақырыбы бойынша 2024-2026 жж. аралығында ғылыми-зерттеу жұмыстарды Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы өзіне қабылдайды.

1.2. Негізгі кезеңдердің мазмұны мен мерзімі күнтізбелік жоспарда айқындалады.

1.3. Төменде аталған құжаттар мен онда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

- 1) Осы Шарт;
- 2) Жұмыстардың күнтізбелік жоспары;

Техникалық ерекшелік.

Ғылыми зерттеу сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштер

2.1. Жұмыс бағыты: *қолданбалы зерттеулер.*

2.2. Қолданылу саласы: *Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындары.*

2.3. Түпкі нақта нәтиже: *«AZALA Cotton» ЖШС тоқыма өндірісінің экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері.*

2.4. Патент қабілеттілігі: *қабілетті*

2.5. Ғылым деңгейі: *эмпирикалық*

Ғылыми зерттеу нәтижелерін пайдалануды тапсырыс беруші немесе орындаушы жүзеге асырады: *Алынған ғылыми - нәтижені тапсырыс беруші мен орындаушы бірге пайдаланады.*

3. Шарттың жалпы сомасы және төлеу талаптары

3.1. Шарттың жалпы сомасы барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, қызметтерді орындауға байланысты барлық шығындар құнын қоса алғанда, *1 500 000 бір миллион бес жүз мың*) теңгені құрайды.

3.2. Орындаушының жұмыстарына бөлінген төлем қаржысы жоспарланған зерттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін және орындалған жұмысты қабылдау Актісіне қол қойылғаннан кейін төленеді.

3.3. Қаржыландыру көзі: *Тапсырыс берушінің қаражаты.*

4. Жұмыстарды тапсыру мен қабылдау тәртібі

4.1. Орындаушының шартты орындаудың жекелеген кезеңдерінде және ол аяқталған соң рәсімдеуіне және тапсыруына жататын ғылыми, техникалық және басқа да құжаттаманың тізбесі Қазақстан Республикасының ғылыми-зерттеу саладағы қолданыстағы нормативтік құжаттарында айқындалған.

4.2. Шарттың жекелеген кезеңдері бойынша белгіленген тәртіппен рәсімделген құжаттаманы беру жыл сайынғы орындалған жұмыстар актісімен және Орындаушының аннотацияланған есебімен жүзеге асырылады.

4.3. Орындаушы Тапсырыс беруші жүргізілген ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстары туралы жылдық есепті 30 қарашадан кешіктірмей ұсынуға міндеттелінеді.

4.4. Жұмыстар мерзімінен бұрын орындалған жағдайда Тапсырыс беруші жұмысты мерзімінен бұрын қабылдап, оған төлеуге құқылы.

4.5. Егер жұмысты орындау үдерісінде теріс нәтиже алуға мәжбүр болатындығы немесе жұмысты одан әрі жүргізудің орынсыздығы анықталса, Орындаушы оны тоқтата тұруға, ол туралы жұмыс тоқтатылған күннен кейін 5 (бес) күн мерзімінде Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда тараптар жұмысты жалғастырудың орындылығы және бағыттары туралы мәселені қарастыруға міндетті.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда талаптар қолданыстағы заңнамада белгіленген талаптарда және тіртіппен жауапты болады.

5.2. Жұмыстар көрсетілген мерзімде орындалмаған жағдайда Орындаушы төленген қаражатты толығымен қайтаруға міндетті.

5.3. Орындаушы бағдарламаның жекелеген жобалары бойынша жұмыстарды тиісінше орындалмаған жағдайда орындалмаған жұмыстың көлеміне қарай қаражатты кері қайтаруға міндетті.

6. Өзге талаптар

6.1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жасалған және өткізілетін өнімнің мүліктік құқығы Тапсырыс берушіге беріледі, ал Орындаушы тек авторлық құқыққа ие болады.

6.2. Осы келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалады және тараптар өкілдерімен қол қойылады.

6.3. Шарт талаптардың қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, тараптар үшін міндетті болып табылады.

Тараптардың қалауы бойынша басқа да талаптар:

- 1) жұмыс күнтізбелік жоспарға сәйкес орындалады;
- 2) тараптардың барлық шағым-талаптары бойынша Орындаушы жауапты болады.

Тараптардың заңды мекен-жайлары:

Орындаушы:

Шымкент қ., Д.Қонаев даңғылы, 21
Ж.А.Тәшенев атындағы университет

ректоры

Қ.С.Байболов



Тапсырыс беруші:

Шымкент қ., «Жұлдыз» тұрғын
алабы, 34 учаске, «Оңтүстік»
арнайы экономикалық аймағы
директоры
Тулегенов Б.А.

